

2011 жылы Казталов ауданында қаңтар-наурыз айларында азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 55 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 31 желтоқсанда № 7-8-121 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2011 жылғы 4 шілдедегі № 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2011.07.04 № 12 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2005 жыл 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабының 3 тармағын, Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 33 бабын б а с ш ы л ы қ қ а а л ы п **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. "Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), 2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Ауылдық округ әкімдеріне азаматтардың әскер қатарына шақыру учаскелеріне толық түрде келуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

3. "Казталов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру учаскелерін тіркеу жұмысын ұйымдастыруға қоғамдық қызметкерлермен қамтамасыз етсін.

4. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Казталов аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Казталов аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша):

1) тіркелгендерді медициналық тексеруден өткізу жөнінде жан-жақты ш а р а л а р а л у ;

2) тіркеу кезінде сырқат екендігі анықталғандарға емдеу жұмыстары жүргізу ұ с ы н ы л с ы н .

5. "Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық ішкі істер бөлімі"

мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тікелей кезінде жергілікті учаскелік инспекторлардың жұмысын ұйымдастыру, шақыру учаскесінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

7. Шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Молдашевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Т. Сапаров

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы
Казталов ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы

----- Кабиров Ерлан Рысқалиұлы

15.12.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысы
Казталов аудандық ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

----- Бисенов Бектас Бересұлы

15.12.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі, Батыс Қазақстан
облысының денсаулық сақтау
департаментінің "Казталов
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны
д и р е к т о р ы

----- Алтаев Қайырбай Ердосбайұлы

15.12.2010 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі, Батыс Қазақстан
облысының денсаулық сақтау
департаментінің "Казталов
аудандық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны
д и р е к т о р ы

15.12.2010 ж.

-----*Рабаев Есенгелді Байзоллаұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК